

## БІЛІМ ОРДАСЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ



Кім отанын сүйсе бәрінен артық,  
Өз елінің бақыты деп күрессе шыннан.  
Көпшілік назарын тартары анық,  
Басы болар оның таза алтыннан.

М.Мирзо

Өмірде сондай адамдар бар, олар бір алтын кілт секілді. Ал құлпыңда

адамдықтың бүкіл асыл қасиеттері жасырын. Сондай алтын кілт иелерінің бірі Түркістанда алғашқы білім ошағын, халықтың көзін білім нұрымен ашушы мектеп ашады.

С.Миржалилов – атақты қайраткер, жаңалыққа жаны құмар, зиялы кісі болған. Оның өмір жолы үлгі аларлықтай. С. Миржалилов ХХ ғасыр басындағы ағартушы тұлғалар Фитрат, Шолпанмен достық қарым-қатынаста болған. Заманының жетік зиялыларынан Х.Х.Ниязиді өз үйінде паналатып, туындыларының жарық көруіне көмек берген. 1918 жылы құрылған Түркістан халқы үкіметінде қазынашы уәзір ретінде қатысқан.

С. Миржалилов 1884 жылы Түркістан қаласында дүниеге келді. Жағдайы төмен отбасында туғанына қарамай, ақылдылығы, еңбексүйгіштігі, тырысуы арқылы сауатын ашады. орыс тілін жетік меңгереді, жай дүкеншіден, ірі кәсіпкер, танықты саудагер байға айналады. 1914 жылы мақта зауытын құрады. Адамдар электрден хабарсыз кездері, яғни оны «Шайтан шырақ» деп жүрген кездерде, ол оны ақылмен пайдалана білген. Қолынан газет-журнал түспейтін, кітапты көп оқитын. Оның үйіне Қырым, Қазан, Орынбордан және Бакудан шығарылатын газет-журналдар үнемі келіп тұратын. Өзінің жеке кітапханасы болып, онда Пушкин, Лермантов, Толстой шығармалары болатын.

С. Миржалилов 1917 жылдан саясатқа да араласа бастайды. Қазан төңкерісінен кейін ол Ташкентте ұйымдастырылған «Шураи исламия» ұйымының белсенді мүшелерінің бірі болды, Саиднасырбай тапқан табысының көп мөлшерін ұлттың дамуына, ағарту жолына жұмсайды. Ташкентте «Түркістан» сауда орталығын құрды. Одан түскен пайда есебінен «көмек» ұйымы арқылы дарынды жастарды Германия және басқа да шет елдерде оқу үшін жіберуде үлесін қосып отырды. «Атырау баспасы» жұмысын жандандыруға көмек берді.

Елдегі қуғын-сүргін оны да шеттеп өтпеді. Зиялы, еңбексүйгіш, халықшыл С. Миржалилов 1924 жылы 12 желтоқсанда тұтқынға алынды, және Словецк аралына сүргінге жіберілді. Үш жылдан соң жазасын өтеген ол, туған жеріне оралады. Бірақ үкімет басындағыларға Саиднасыр Миржалиловтың әрекеті ұнамай, ол 1932 жылы қайта абақтыға 5 жылға қамалады. Одан шығуымен 1937 жылы қайта тұтқындалып қазан айында атылады. Содан ұлтының асыл ұлы болған С. Миржалилов репрессия құрбаны болды. Оның жерленген жері белгісіз болып қалды.

## ӨТКЕНСІЗ КЕЛЕШЕК ЖОҚ

Бай тарихқа ие болған бұл киелі білім ордасы-мыңдаған шәкірттерге білім ұясы болған және болып келуде.

Білім ордасы-ұлы ғұламалар, зиялылар, жұмысшы мен өнерпаздар білім алған құтты мекен. Адам үшін нан қандай қадірлі болса мектеп те, оны ұйымдастырып, негізін салған ұйымдастырушы да, онда жас ұрпаққа білім мен тәрбие беретін әрбір ұстаз да қадірлі.

Мектептің негізін қалаушы С.Миржалилов. Ол орта бойлы, қарадан келген, көздері үлкен кісі еді. Өте ақылды, жүрегі таза жомарт болып, ескіше де, жаңаша да сауатты болатын.

Ол 1914 жылы Түркістанда екінші (бірінші зауыт Юно есімді еврей байдікі болатын) зауыт ашты. Сол кездері Саиднасырбай 30 жаста еді. Сондай-ақ Саиднасыр, ауласының бір шетінен мектеп құрған. Мектепке Орынбор не Қазаннан Шакиржан деген татар мұғалімді отбасымен көшіріп әкеліп жұмыс берген. Николай патша Орта Азияның мұсылман халықтары үшін мектеп ашуға рұқсат бермеген. Алайда қалада орыс мектебі болатын, мұнда қызыл әскерлердің балалары оқитын. Кейбір жергілікті отбасылар ұл-қыздарын осы мектепке беретін.

Мектеп үлкен бір бөлмелі болып, онда ұзын-ұзын парталар қойылған. Осы бөлмеден ішке қарай, мұғалімнің бөлмесіне кіретін есік болатын. Егерде патшаның өкілдері тексеру жүргізсе, мұғалімге хабар беретін және мұғалім әйелі Абыстаймен ішкі бөлмесіне кіріп жасырынатын.

Мектепте үлкен шапанды, сәлде ораған, қолында ұзын шыбығы бар бір өзбек халпа (оқытушы) да болатын. Оны көрген адам мектепті ескі мектеп деп ойлайтын.

Мектепте ана тілі, есеп, география, тарих сабақтары оқытылатын, бүкіл оқулықтар татар тілінде болатын. Олар Қазан және Орынбордан әкелінетін. Байлардың балалары оқу үшін ақша төлейтін, соның есебінен Саиднасыр 16 мұғалімнің жалақысын беріп отыратын. Шәкир ұстаз - ұзын бойлы, өте білімді, ақылды, көрінісі ыстық, сабырлы кісі болатын.

Мектеп төңкерістен соң 1918 жылы жасырыннан, біржолата ашық, еркін оқытуға көшті. Енді бұрыштағы сыныптардан сырттағы үлкен терезелері көп көркем бөлмелі ғимаратқа көшті. Түркістанның көптеген асыл зиялылары осы бірінші мектепте білім алған. Ұлт жанашыры, ағартушы тұлға Саиднасыр Миржалилов көне Түркістанда осындай білім ошағының іргетасын қалаған.





Активация Windows  
Чтобы активировать Windows, перейдите на [www.microsoft.com/windows/activation](#)

## КӨНЕ БІЛІМ ОРДАСЫНЫҢ КЕРУЕН БАСШЫЛАРЫ

### Зуфар Бадилов

Мектептің бірінші басшысы, халыққа білім берудің жанашыры Зуфар Бадилов мектеп өмірінде өшпейтін із қалдырған. Оның біліміне, ой-өрісіне оқушылар тәнті болатын. Зуфар Бадилов директорлық қызметінде өте жақсы ұйымдастырушы, жанкүйер басшы екенін көрсетті.

1918-1924 жылдары Николай патша Орта Азияның мұсылман халықтары үшін жаңа үлгідегі мектеп ашуға рұқсат бермеген, сондықтан да төңкерістен кейін мектеп жасырын-құпия жағдайдан еркін жағдайға өтті. Түркістан уезді ағарту бөлімі бұйрығымен 1918 жылы ақпан айында қалалық бастауыш мектебіне айналдырылды, басшы етіп Зуфар Бадилов тағайындалды. Бұл туралы бұйрыққа Өзбекістан білім министрінің орынбасары Турсунов қол қойған. Құжаттың түп нұсқасы сол кездегі мектептің оқытушысы Иногамов Ахмаджан ұлы Иногамов Рустамнің үйінде сақталуда.

### Абдумусо Заманбаев



А.Заманбаев 1925 жылы Ташкенттегі мұғалімдерді дайындау мектебін бітіріп, Иқанда аз уақыт мұғалім болып жұмыс істеген. 1925-1934 жыл аралығында Хамза (Калинин) атындағы мектепте директор қызметін атқарған. 1934 жылда Ташкентке көшіп кеткен, сол жерде еңбек етіп жүріп, қайтыс болған.

### Зайниддин Восидов



1906 жылы Түркістанның Қарнақ ауылында туылған. 1920 -1933 жылдар аралығында ВЛКСМ мүшесі болған. Ол 1923-1926 жылдар аралығында Ташкент педагогика техникумында оқиды. 1936-1941 жылдарда Ташкент педагогика институтында сырттай оқиды. Еңбек жолын 1926 жылы Өзбекістанның Қарши қаласында бастауыш сынып мұғалімінен бастайды. 1931 жылға дейін сол жерде еңбек етті. 1931-1933 жылдарда Ташкентте есепшілер курсында мұғалім болып істейді.

1933жылда Түркістанға келеді, ЗАГС бөлімінің басшысы, одан кейін Атабай ауылындағы Карл Маркс мектебінде директор болып істейді. 1936-1937 жылдарда Түркістанда Аудандық білім бөлімінің басшысы болды. 1938-

1942 жылдарда Калинин мектебінде директор қызметін атқарды. 1942-1946 жылдар Ұлы Отан соғысына қатысты. Фронттан қайтқан Васидов 1946-1947 жылдары Калинин атындағы мектепте мұғалім болып істеген.

### **Хашим Муминов (1909-1989)**



Муминов Хашим 1909 жылы Жаңа Иқан ауылында туылған. Ескі мектепте оқыған. Ташкентте балалар үйінде тәрбиеленді. Самарқанд педагогика техникумын, Самарқанд педакадемиясын бітіріп, аспирантурада оқыған. Оқуын бітіргеннен кейін, Андижан мәдени ағарту техникумында директор, Самарқанд облысы Ұргут ауданында білім бөлімінің басшысы болып істеді. 1939-1942 жылдарда Жаңа

Иқанда мектеп директоры болды. 1942-1943 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысып, соғыста жаралы болып, еліне қайтты. 1944-1946 жылдарда Түркістандағы Калинин атындағы мектепте директор болды. 1946 жылдан 1961 жылға дейін «Ш Интернационал» колхозында партия ұйымының хатшысы, Карл Маркс колхозында парторг болып істеді. 1961-1967 жылдарда ауыл кеңесінің басшысы, Иқан мектебінде мұғалім болды. 1969 жылда еңбек демалысына шықты. 1989 жылда 80 жасында қайтыс болды.

### **Нурбадал Маматраимов**



Нурбадал Мамадраимов 1917 жылы Қарнақ ауылында туылған. Карл Маркс атындағы мектепте білім алған. 1937 жылда Ташкент педагогика білім ордасы, 1957 жылда Самарқанд мемлекеттік педагогика институтының өзбек тілі мен әдебиеті бөлімін сырттай бітірді. 1937 жылдан 1941 жылға дейін Қарақалпақстан автаном Республикасы Хужайли қаласындағы мектепте мұғалім, одан кейін оқу ісінің меңгерушісі болды. 1941 жылда Кеңес

Армиясы қатарына шақырылып, 406- полкта разведкашы болып, Дон өзенінен өту соғысына қатысты. Сол соғыста жараланады, сондай-ақ көрсеткен «Ерлігі үшін» медалімен марапатталды. 997-госпитальде емделді. 1944 жылы жаралы болуына байланысты, өз жұртына қайтып оралды. 1944 жылдан Түркістандағы Ленин атындағы мектепте әскери білім бойынша директор орынбасары, 1946 жылдан Калинин атындағы мектепте директор болып жұмыс істейді. 1947 жылдан 1957 жылға дейін Карл Маркс мектебінде мұғалім, 1957 жылдан 1966 жылға дейін кешкі мектепте директор, 1966 жылдан 1977 жылға дейін Шаштобе мектебінде директор болды. Н. Мамадраимов педагогикалық жолында білімді мұғалім, талапты, еңбекқор басшы ретінде көзге түсті. Оның қызметтері үкімет тарапынан бағаланып, мақтау қағаздары, медальдарымен марапатталған.

## **Ахмад Анорбоев (1910-1991)**



Анарбаев Ахмад Қудайбергенұлы 1910 жылы Иқан ауылында туылған. Бастауыш білімді Иқанда алғашқы ашылған мектепте алып, 1924 жылы Ташкент қаласындағы ауыл шаруашылық техникумында оқыды. Сол техникумды 1930 жылы бітіріп, аз уақыт мұғалім болып істеді. Ташкент Низами атындағы педагогика институтының химия-Калинин атындағы өзбек мектебінде мұғалім болып істеді. Соғыс жылдары Түркістан ауданы атқару комитетінің хатшысы болып еңбек етті. 1947 жылдан 1953 жылға дейін Калинин мектебінде директор болды. А.Анарбаев қай лауазымда, қай жерде істемесін, өзінің білімділігімен абыройлы болған. 1956-1957 жылдары Түркістан халық білім бөлімінде басшы, кейін Атабайдағы К.Маркс атындағы мектепте директор лауазымын атқарды. Еңбек демалысына шыққанға дейін қазіргі Хамза атындағы мектепте мұғалім болып істеді. 1991 жылы 81 жасында қайтыс болды.

## **Раим Ғафуров**



Раим Ғафуров 1923 Түркістан қаласында диқаншы отбасында дүниеге келген. Ол қаладағы Калинин атындағы мектепті үздік бітіріп, Ташкент мемлекеттік педагогика институтының өзбек тілі мен әдебиеті бөлімін оқып бітірді. 1943-1945 жылдар аралығында Калинин мектебінде оқу ісінің меңгерушісі қызметінде еңбек етті. Ол ұстаздық жолында Калинин, Карл Маркс, Ескі Иқан мектептерінде директор қызметін атқарды. Р. Ғафуровтың адал еңбектері үкімет тарапынан жоғары бағаланып, 4 медальмен марапатталған. Р.Ғафуров басшылық қызметтерін абыроймен атқарды, өз пәнінің нағыз маманы ретінде де көзге түсті. ҚССР Жоғары Кеңесінің 1967 жыл 15 тамыздағы бұйрығымен Р. Ғафуровқа «Қазақстанда қызмет көрсеткен оқытушы» атағы берілді.

## **Баратов Почтахон**



Паччахон Баратов 1925 жылы Түркістанда дүниеге келді. Ол қаладағы Әл-Фараби мектебінде оқып бітірді. Мектептен соң, Ташкент Мемлекеттік Университетінің география бөлімінде оқып бітірді. 1957 жылы Калинин атындағы мектепке директор етіп тағайындалады. Әрқашан алдыңғы қатардан көрініп жүрген мектеп, талапты да еңбекқор

басшының келуімен одан да жақсы нәтижелер көрсете бастады. Ол мектептің техникалық базасын байыту, білім сапасын арттыру, оқушыларды отансүйгіштік, еңбексүйгіштік рухта тәрбиелеу жұмыстарына ерекше көңіл бөлді. Паччахан Баратовтың ұйымдастыруымен, жоғарыға өтініш арыздарымен шығуы арқасында жаңа мектеп құрылысы басталады және 1964 жылы бітіп, оқушылар үш қабатты жаңа ғимаратқа көшті.

### **Абдухошим Жумадуллаев (1931-2014)**



А.Жумадуллаев 1931 жылы 15 маусымда Сунак ауылында туылған. «Қызыл Әскер» мектебінде оқып бітірген соң, Орта Азия Мемлекеттік университетінің тарих бөліміне оқуға түседі. 1954 жылы бітіреді. Осы жылы Наманган облысының Нарын ауылында Білім бөлімінде және Пушкин атындағы мектепте оқытушы болып істейді. 1955 жылдан Шымкент облысы Білім бөлімінде мектеп инспекторы болып істейді. 1956-1957 жылдары Түркістан қалалық білім бөлімінде инспектор қызметінде еңбек етеді. 1957 жылдан Калинин мектебінде оқу әсінің меңгерушісі қызметінде істей бастады. 1962 жылы «Победа» колхозындағы мектеп-интернатқа директор етіп тағайындалды. 1967 жылы Калинин мектебінде тәрбие жұмыстары бойынша директор орынбасары етіп тағайындалады. 1973 жыл мамыр айынан бастап осы мектепте директорлық қызметін бастайды. Сол жылдарда А. Жумадуллаев шебер ұйымдастырушы, білімді басшы ретінде танылады. 1992 жылы зейнетке шығады. Бірнеше мақтау қағаздары, медальдардың және «Қазақстан ағарту ісінің үздігі» атағының иегері болған. 2014 жылы 83 жасында дүниесін салды.

### **Гулнора Мирзаметова**



Гулнора Ғайбуллақызы 1948 жылы Өзбекістан республикасы Денау қаласында дүниеге келген. Орта мектепті бітірген соң, Термиз педагогика институтунда білім алып, оны 1970 жылы бітірді, еңбек жолын Денау қаласындағы мектепте орыс тілі пәнінің мұғалімі ретінде бастады. 5 жылдан соң отбасылық жағдайға байланысты Түркістан қаласына келеді, және ауыл мектебінде жұмысын жалғастырады. 1980 жылдан Калинин

мектебінде орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі болып істей бастады. Г. Ғайбуллақызы өз пәнінің нағыз маманы, білікті ұстаз ретінде көзге түседі. Оның кейбір озық тәжірибелері мұғалімдер конференцияларында тыңдалып, таратылған. 1986 жылдан 1992 жылға дейін мектептің оқу іс бойынша директор орынбасары қызметін атқарды. Қалалық Білім бөлімі және оқытушылар мен ата-аналар тарапынан Гулнара Ғайбулла қызының еңбегі арқашан да жақсы жағынан бағаланған. Сондай адал еңбектері арқылы Г.Ғайбуллақызының суреті 1986 жылы облыс, 1991 жылы қалалық Білім бөлімінің құрмет тақтасынан орын алады. Оның тынымсыз ізденістері мен адал еңбегі «Оқытушы-әдіскер», «Қазақстан ССР ағарту ісінің белсенді қызметкері» атағына ие болуына себеп болды.

1992 жылы Мирзаметова Гулнара Ғайбуллақызының ерең еңбектері есепке алынып, ҚББ тарапынан өзі еңбек етіп жүрген қазіргі Хамза мектебіне директор етіп тағайындалды. 2006 жылы құрметті зейнеткерлікке шықты.

### Мухамеджанов Замир Алимович



Мухамеджанов Замир Алимович 1957 жыл 25 қазанда Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қаласында дүниеге келген. 1965-1975 жылдар аралығында Некрасов атындағы №9 жалпы орта мектебін оқып, бітірді.

1975-80жылдар аралығында СамГУ-дің физика бөліміне оқып, физика пәні мұғалімі мамандығы бойынша университетті бітірген. 1980-1984

жылдарда Өзбекістан Ғылым Академиясының физика-техника институтында инженер зерттеуші, бас инженер қызметін атқарды. 1984 – 1989 жылдарда Түркістан қаласындағы құрылыс материалдары және конструкциялар комбинатында автоматика және тексеру бұйымдары цехында электрослесарь, электрослесарлар бригадирі қызметтерін атқарды. 1989 жылдың мамыр айынан 1991жылдың сәуіріне дейін Түркістан қаласы халықты бақылау комитетінде инспектор, 1991 – 1992 жылдарда қалалық партия

комитетінде ұйымдастырушы, 1992 – 2003 жылдарда қала әкімі аппаратында бас маман, бөлім бастығы қызметтерін атқарды. 2003 жылдың наурыз айынан бастап 2020 жылдың қазақ айына дейін Хамза атындағы №2 мектебінде директор қызметін атқарды.

Медалдары:

2011жыл - Оңтүстік Қазақстан облысының “Қоғам қайраткері” медалі

2014жыл - «Достық» қоғамдастығының «Жамоат фахрийси» медалі

2015жыл - «Қазақстан халқи Ассамблеясына 20 жыл» медалі

2015жыл - «Оңтүстік Қазақстан облысы кәсіподағына еңбегі сіңген қызметкер» төсбелгісі.

2015жыл - «Оңтүстік Қазақстан облысы өзбек мәдениет орталығына 25жыл» медалі



2015жыл – Республикалық “Мәртебелі мектеп директоры” төсбелгісі

2015жыл – Авиация генерал - майоры “Т.Бигелдинов” медалі

57

2016жыл – Қазақстан педагогика академиясының “І дәрежелі білікті басшы” төсбелгісі

2016жыл – Қазақстан Республикасы білім саласының мәртебелі қызметкері.

2016 жыл – Халықаралық психология академиясының “Мәртебелі академигі” марапаты

2017 жыл – “Білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағына сіңірген еңбегі үшін” төсбелгісі

## ҰСТАЗДЫҚ ЕТКЕН ЖАЛЫҚПАС

Мұғалім көп еңбекпен және қиыншылықпен өз шәкірттеріне білім үйретеді. Осы жағынан алғанда балаларда оның ақы көп. Егер шәкірт өскен соң патша болса да, өз мұғаліміне құлдық етсе арзиды. Негізінде, шәкірт исламда ұлы Шайх немесе қазылық дәрежесіне көтерілсе де одан ұстазы «разы болса, тәңірі де одан разы болады»- дейді «Махбубул қулуб» туындысында хазіреті А.Науаи мұғалім еңбегін бағалап. Ия, бұл бекер айтылмаған. Мектеп мектеп болғалы бұл мәртебелі жерде қаншама мұғалім еңбек етеді. Олардың барлығы туралы мәлімет сақталып қалған болмаса да, бірінші ұстаздар туралы айта аламыз.

Мектепте алғашқылардан болып, 30-40 оқушыға Зуфар Бадилов, Ахмед Инагамов, Мажид Ашрапов секілді ұстаздар сабақ береді. Оқушылар мен оқытушылар сол кездегі талапқа, саясатқа сай жұмыс жүргізеді. Мектептің бірінші оқушыларынан болған Байжан Атаев өзінің алғашқы ұстазы Шакиржан мұғалімді, сондай-ақ Ташкенттен келген қарашадан келген мұртты, Қоқаннан келген мұғалім Хамза туралы да құрметпен еске алады. Сол кездері-ақ ұстаздардың еңбегі үкімет тарапынан бағаланып түрлі марапаттар беріліп отырылған. Мектептің алғашқы ұстаздарынан Ахмед Инагамов қала мен облыстағы қызметтері үшін мақтау қағаздарымен марапатталған болса, білім мен тәрбие саласындағы еңбегі үшін ӨзССР жоғары кеңесінің 1944 жыл 24 тамызындағы бұйрығымен «Өзбекістанда қызмет көрсеткен оқытушы» атағына ие болған. 1925-1935 жылдары аралығында мектептің жемісті еңбек етуінде ұжымға Абдумусо Заманбаевтың басшылығын атап айтуға болады. Сол кездері Хайдар Умаров, Малия Қошқарова, Расул Аминов, Худайберген Саидмуратов, Амина Акалаева, И.Мусин, Асфандиярова, Райхан Қасимова, Захид Васидов, Абубакир Азизов сыңды білімді ұстаздар шәкірттерді білім нәрімен сусындатты. 1924 жылы мектепке М.И.Калинин есімі берілді. Бұл есімді алуда математика пәні оқытушысы Абубакир Азизовтың қызметі елеулі болды. Ол кездері оқу түркі жазуында жүргізілетін, араб әліпбиінде жазылған жаңаша оқулықтар қолданылатын. «Ана тілі», «Сыйлық», «Үлгі», «Есеп» сияқты кітаптар болатын еді.

1920-1930 жылдары білім алған дарынды оқушылардың көбі кейіннен ғалым, мемлекет қайраткері болды. 1922-1926 жылдары осы мектепте оқып білім алған, өзінің ақылдылығы, еңбексүйгіштігі, ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түскен Мансур Мирзахметов кейіннен Өзбекістан

министрлер кеңесінің торағасы лауазымына дейін көтерілген. Ол оқушылық кездерін еске алып, мектептің 50 жылдық (1967 жылы) мерейтойында мектеп ұжымына өзінің құттықтау хатын жолдаған.

Хатта былай делінген:

«Мектепте білім мен тәрбие жақсы жолға қойылған. Оқушылар сабақтардан соң түрлі үйірмелерге де жоғары қызығушылық, ынтамен қатысатын еді.

Мектеп басшысы З. Бадилов, география пәні мұғалімі Хайдаров, орыс тілі пәні мұғалімі Қошқаровалар шынайы жанашыр ұстаздар еді. Осы құтты мерейлі күндерде есімдерін құрметпен еске аламыз. 1926 жылы мектепті бітіріп, көп бітірушілер, олардан мен де оқу үшін Ташкентке келдік. Дерлік бәріміз оқу орындарына түстік. Осыдан-ақ мектептің оқушыларға жақсы білім бергендігін айтуға болады. Сол үшін біз мектептің педагог ұжымына шексіз алғысымызды айтамыз.»

1929 жылға дейін бастауыш мектеп ретінде ұл-қыздарға бастауыш білім берді. 1930 жылы «жеті жылдық» мектепке айналдырылды. Оқушылар саны көбейді. Мектеп педагог қауымының қала тұрғындары арасында абыройы асты. 1931-1932 жылдан қыздар да Калинин мектебіне көшіріліп, ұлдар мен қыздар бірге оқи бастады.

1934-1935 жылдан толық орта білім беретін мектеп болды. Осы өзгерістен кейін Саиднасырбай ауласындағы мектеп тарлық ете бастады, өйткені жан-жақтағы Иқан, Қарнақ, Шорнақ, Оранғай, Қарашық, Жүйнек, Теке ауылдарындағы мектептерде бастауыш білім ғана беріп, ондағы оқушылар орта білім алу үшін Калинин мектебіне келетін еді. Мектепте мұғалімдер саны да көбейе бастады.

Өз заманына сай білім мен тәрбиенің жаңа әдістерін қолданып, ұстаздар тынымсыз еңбек етеді. Мектепте түрлі үйірмелер мен бірге көркем әуесқойлар клубы құрылды. Өнерге ынталы оқушылар өздерінің өнерлерін көрсете бастады. Кейіннен осы топ негізінде театр ұйымдастырылды. Театр құрамында мұғалімдер мен жоғары сынып оқушылары түрлі спектакльдер қойылымымен көрермендердің алғысына ие болатын. Икрамжан Юлдашев, Мутан Маллабаев, Халмирза Тойметов, Наби Уралов, Али Анарбаев, Абдулла Мавланов, Жораш Атахановтар театр жанкүйерлері болатын.

1937-1939 жылдардағы қуғын-сүргін театр мүшелерін де шеттеп өтпеді. Театр директоры Юлдашходжаев қамауға алынды. Осы кездері әр ұлттың жанашырлары, ағартушылары «Халық жауы» деген таңбамен қамалып, немесе атылып жатты.

Осы жылдары ғылыми атағы бар бірқанша ғалымдар өз туған жерінен қуғынға ұшырап, Түркістанға келіп паналаған, олардың біразы мектепте оқытушы болған. Бұл мектеп оқушылары үшін мақтан еді, өйткені ғалымдардан сабақ алу бір бақыт еді. Солардан, Казан университети профессоры С.Нугманов (орыс математик ғалымы Шапошниковпен бірге 10 сыныптар үшін математика оқулығын жазған) математикадан сабақ берді, ташкенттік профессор Каримов химия пәнінен, ғалым Ташметов география пәнінен, академик Сатибалдиев биология пәнінен сабақ берді. Киев университеті профессоры Иванов орыс тілінен, Алматылық

профессор Бектурсунов орыс тілінен, Мантаев дене шынықтырудан сабақ берген. Олардың жаңаша білім беру әдістері арқылы балаларда оқуға деген қызығушылық және де артқан. Білім саласының осындай жанашырлары да ГПУ қызметкерлері тарапынан атып өлдірілген, осындай ұлы кісілерден білім алған шәкірттері репрессия құрбандары болған ұстаздарын әрқашан құрметпен еске алады.

1939-1940 оқу жылында бірінші орта біліммен оқушылар мектепті бітірді. Олардан үздік оқыған, белсенді қыздарды мектеп әкімшілігі Шымкенттегі екі айлық мұғалімдер дайындайтын курсқа жіберді. Курсты оқып келген қыздар 1940 жылдың қыркүйек айынан бастап бастауыш сыныптарға сабақ бере бастады. Олар Сабира, Адалат, Карамат сынды талапты ұстаздар, шәкірттер жүрегінен орын ала білген жас мамандар еді.



## **АЛАСАПЫРАН ЖЫЛДАР ЕСТЕЛІГІ**

Отан тарихында өшпес із қалдырған Ұлы Отан соғысы, 1941 жылдың маусым айындағы қайғы қасірет Түркістан қаласы, соның ішінде Калинин атындағы мектеп ұжымын да айналып өтпеді. Бұл қайғы қасірет Кеңес үкіметі халықына сынау кездері болды.

Енді ғана жүйеге түсе бастаған ағартушылар да қолдарына құрал алып Отан қорғауға аттанды. Мектептің жоғары сынып оқушылары да соғысқа аттанды. Осындай қиын жағдайға қарамай мектепте оқу процесі жалғастырылды. Жағдайдың ауыр болуына, аштық, киім- кешек, оқу құралдарының жетіспеушілігіне қарамай балалар мектепке келуін тоқтатпады.

Соғысқа аттанатындар үшін мектеп жанынан сауат ашу курсы ұйымдастырылып, онда Абдусаттаров Соли жұмыс жүргізді. Жоғары сынып қыз балалары сабақтан соң далада бидай жинап, қозаны арам шөптен

тазалап, мақта теріп, жібек құртын бағу сынды жұмыстарды атқарып, кеш батқан соң фронттағылар үшін пайпақ, қолғап тоқып, көйлек тігетін еді. Осы аласапыран жылдарда Юровская, сынды мұғалімдер жұмыс жүргізді. Отан қорғауға аттанған 700-ге жуық ұстаздар мен оқушылар майданда өздерінің батырлығы мен отансүйгіштіктерін көрсетіп жандарын аямай дұшпанға қарсы тұрды, сол үшін түрлі орден және төсбелгілерімен марапатталды. Соғыс құрбансыз болмайды дегендей, бұл мектептің де ұлдарының көпшілігі соғыстан қайтпады. Олардын аты мен істеген ізгі істері, ерліктері мәңгі есте қалды.

Мектепте білім алған Р. Исетов, Қ. Ирисбеков, Ф.Юлдашевтар майдандағы ерліктері үшін Кеңес Одағының Батыры, Е.Изатуллаев, М.Әбенювалар Еңбек Ері атанып, мектептің атын елге танытты. Өмір – өзен. Жылдар өтті, заман өзгеріп, ғұмыр жалғаса берді. 1945 жылда оқушылар саны азайып кетті, нәтижеде 6- сынып жабылсын деген бұйрық шықты. Алайда оқу ісінің меңгерушісі Ғафуров, директор Муминов және оқушылардың ізденуінің арқасында 13 оқушы жиналып, сынып сақтап қалынды. Ақыры соғыс жеңіспен аяқталды. Жаралар біте бастады. Оқу тәрбие жұмыстарында жаңашылдықпайда болып, ұстаздар жақсы көңіл күймен, шығармашылықпен жұмыс істей бастады. Хайтматов сынды мұғалімдер мектептің жөндеу жұмыстарын жүргізді. Драмгруппа жұмысы жандандырылды. Қатар спектакльдер сахна қойылымдары көрсетілді, жиналған қаржы мектептің жөндеу жұмыстарына жұмсалды. Ольга Петровна сынды мұғалімдер сахна қойылымында рольдерді шеберлікпен орындап, көрермен көңілінен шығатын. 1947-1948 оқу жылындағы жетістіктер мектебіміздің бұрынғы оқушысы, жазушы М.Хайруллаевтың «Балалығым-байлығым» эссесінде айқын бейнеленген. Бұл оқу жылында 15 оқушы мектепті бітіріп, олардың барлығы жоғары білімді маман болған болса, 1948-1949 оқу жылында мектепті бітірген 17 ер бала Орта Азия Мемлекеттік университетінің студенттері атанады. Ташкентте оқып, түрлі мамандық иелері болады.

1950-1951 оқу жылында оқушы саны көбейіп, сынып бөлмелері жетіспей қалды. Сондықтан да жазғы демалыс кезінде ұстаздармен оқушылар бірігіп, 8 сынып бөлмесін асар жолымен салып бітірді. Мұндай отансүйгіштік пен адамгершілік қасиеттері арқасында ұстаздардың абыройы арта түсті. 1950-1960 жылдарда мектеп өмірінде үлкен өзгерістер болды. Жоғары сынып оқушыларына «Автодело» сабағы қосымша оқытылып, аттестатқа жүргізушілік кұәліктері қосылып беріле бастады. 1957 жылдан бастап мектепке П. Баратов басшы болды. Мектеп оқушылары тынымсыз оқып, сабақтардың сапасы артты. Оқу тәрбие істерінде жаңа жетістіктерге жете бастады. 1964 жылы директор П. Баратов басшылығында 560 орынды жаңа үш қабатты мектеп құрып, бітіріледі. Оқушылар С.Миржалилов үйінен жаңа мектепке көшірілді. 1968 жылы мектептің 50 жылдық мерейтойы атап өтілді. 1978 жылда оқушы саны 1461ге жетті. Оқу ІІ ауысымда жүргізіле басталды. Пән кабинеттері ашылып, сабақтар кабинет системасы негізінде өтіле басталды. Спорт-туризм жандандырылды. Оқушылар жазғы демалыста «Коммунизм» колхозында 2-мақта бригадасында ұйымдастырылған «Еңбек-демалыс» лагерінде демалады. Лагерь бастығы

етіп тәрбие жұмыстарының ұйымдастырушысы М.Жумабаев тағайындалады. Мектептің жасы мен кәрісі де осы лагерьде жұмыс істеп, демалады. Бұл лагерь оқушыларды еңбекқорлыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеуде көп ықпалын тигізді.

Бұл игі істердің басшысы директор А.Жумадуллаев еді. Осы жылы мектеп 60 жылдық мерейтойын тойлады. Ұстаздар оқушылардың қызығушылығын арттырып, оқу тәрбие істерін түрліше ұйымдастырып отырды. Мектепте комсомол, пионер ұйымдары жұмыстарын өз денгейінде жүргізіп, оқушының санасын дамыту үшін түрлі іс-шаралар ұйымдастырды. 1988 жылы 70 жылдық мерейтойын тойлады. Қалалық ағарту комитеті мерейтойды өткізу туралы жұмыс жоспарына енгізіп, бұйрық шығарып, іс-шараны өткізу үшін 10 мың сом көлемінде қаржы бөліп берді. 1998 жылда 80 жылдық мерейтойы тойланды. 2008 жылда үлкен дайындықпен мектеп 90 жылдық мерейтойды салтанатты өткізді.

